# Фонетика және оның салалары

Орындаған: Рүстем Ақерке
Қабылдаған: Сманова Бақытгүл

**Фонетика (гр. phone – дыбыс, phonetikos - дыбыстық)** – тілдің дыбыстық жүйесін зерттейтін тіл білімінің бір саласы

**Фонетиканың қарастыратын мәселелері мыналар:**
тіл дыбыстарының пайда болуы, олардың іштей жіктелуі және бір – біріне әсері, буын, екпін, тілдің дыбыстық жағы мен жазудың арақатынасы, орфография, орфоэпия т.б.

Фонтиканың салалары

- Сипаттамалы фонетика
- Тарихи фонетика (диахрониялық фонетика)
- Салыстырмалы фонетика
- Эксперименттік фонетика
- Физиологиялық фонетика
- Фонология немесе функционалдық фонетика

**Сипаттамалы фонетика.** Тілдің өмір сүріп тұрған дәуірдегі дыбыстық жүйесін
қарастырады. Мәселен, қазіргі кездегі мектептер мен жоғарғы оқу орындарында
оқытылатын фонетика сипаттамалы фонетикаға жатады.

**Тарихи фонетика** (диахрониялық фонетика) тілдің дыбыстық жүйесін тарихи
тұрғыдан қарастырып, олардың даму тарихын өзгерістен айқындайды.

**Салыстырмалы фонетика** белгілі бір тілдің дыбыс құбылыстарын өзге тілдердің
дыбыс жүйесімен салыстыра зерттейді. Мысалы, М.Томановтың «Түркі тілдерінің
салыстырмпалы фонетикасы» (1981), «Түркі тілдерінің салыстырмпалы тарихи
фонетикасы» (Л., 1984) деп аталатын еңбектер.

By www.wallcoo.com

**Эксперименттік фонетика** белгілі бір тілдің дыбыстарын түрлі техникалық құралдар
мен аспаптардың (спектрограф, осциллограф. Палатограф, рентгенограф т.б.) көмегімен
зерттеп, тіл дыбыстары туралы нақтылы, дәл тұжырымдар жасайды.

**Физиологиялық фонетика.** Тілдегі дыбыстардың артикуляциялық, акустикалық
қасиеттерін зерттейді.

**Фонология немесе функционалдық фонетика**. Тілдегі дыбыс құбылыстарын
фонетикалық тұрғыдан зерттейтін сала.

- **Дыбыс** – сөздердің мағыналары мен тұлғаларын ажырататын ең кіші тілдік бірлік.
- Дыбыс сөздің өмір сүруінің формасы.
- **Фонема** – сөздер мен морфемаларды құрастырып, оларды бір –бірінен мағына және
- форма жағынан ажыратуға септігі бар тілдің ең кішкене бөлшегі. Фонема туралы
- ілімнің алғаш негізін салған орыс және поляк тілін зерттеуші И.А.Бодуэн де Куртенэ.
- Фонема – тілдің мағына ажыратқыш ең кіші бірлігі.
- Дыбыстар сияқты фонемаларға түрленіс (варирования) пен алмасып (чередования)
- тән. Яғни фонемалардың әр түрлі типтері болады. Оның негізгі типін архифонема деп
- атаса, ал қосымша типтерін (варианттарын, оттенкілерін) аллофон деп атайды.
- **Әріп** – дыбысқа берілген шартты таңба. Әріпті жазамыз, көреміз.
- Дыбыстау мүшелері мыналар: өкпе, тамқ, көмей, дуыс шымылдығы, тамақ қуысы,
- ауыз қуысы, мұрын қуысы, тіл, кішкене тіл, таңдай, тіс, ерін т.б. Дыбыстау
- мүшелерінің жиынтығы сөйлеу аппараты (речевой аппарат) деп аталады.
- Дыбыстарды айтуда, әсіресе, дауыс шымылдығы мен тіл айрықша қызмет атқарады.
- Дауыс шымылдығы көмейде болады. Дауыс шымылдығының керіліп тұруынан діріл
- пайда болады да, үн шығады. Дыбыстардың басым көпшілігінің жасалуында, әсіресе,
- ауыз қуысы айрықша қызмет атқарады. Дыбыстау мүшелері актив және пассив болып
- екіге бөлінеді. Актив мүшелер дыбыстау кезінде қимыл, қозғалыс жасайды. Олар тіл,
- ерін жұмсақ таңдай, бөбешік, дауыс шымылдығы т.б.

- **Дауыстылар дауыстан** (тоннан) жасалады да салдырдың қатысуы елеусіз болады. Ал,
- дауыссыздар, керісінше, салдырдан жасалады. Тон қатысуы да, қатыспауы да мүмкін.
- Айтылған кезде өкпеден ауа ешқандай кедергісіз шығатын дыбыстарды дауысты
- дыбыстар дейміз.
- Қазақ тілінде 12 Дауысты дыбыс бар. Оның ішінде **9 біздің тілімізге**
- **тән дыбыстар**. Олар: а, ә, о, ұ, ү, ы, і, е. Бұдан басқа екі қосынды дауыстылар
- (дивтонгоид) бар: и, у, э – орыс тілінен кірген сөздерде қолданылады.
- **Қазақ тілінде дауысты дыбыстар үш жақты тіркелкеді.**
- ***I. Тілдің қатысына қарай (жасалу жолына) жуан және жіңішке болып бөлінеді***
- 1.Жуан дауыстылар: а,о, ұ, ы.
- 2.Жіңішке дауыстылар: ә, е, ө, ү, і бірде жуан ,бірде жіңішке и, у.
- ***II. Жақтың қатысына қарай:***
- Ашық дауыстылар: а, ә, о, ө, е, (э).
- Қысаң дауыстылар: ы, і, и, ұ, ү, у.
- ***III. Ерін қатысына:***
- Езулік дауыстылар: а, ә, е, ы, і, и, (э).
- Еріндік дауыстылар: о, ө, ұ, ү, у.

- **Дауыссыз дыбыстар** - айтылған кезде өкпеден шыққан ауа кедергіге ұшырап
- шығуынан болған дыбыстар. Дауыссыз дыбыстар үн мен салдырдан немесе тек
- салдырдан тұрады. Қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстар мыналар: б, в, г, ғ, д, ж, з, й, к,
- қ, л, м, н, ң, п, р, с, т, у, ф, х, һ, ц, ч, ш, щ.
- *Дауыссыз дыбыстар үш жақты жіктеледі.*
- **1. Дауыс (үн) қатысына қарай:**
- Қатаң дауыссыздар
- Ұяң дауыссыздар
- Үнді (сонор) дауыссыздар
- **2. Айтылуына (жасалу тәсіліне) қарай:**
- Шұғыл дауыссыздар: б, п, д, т, ц, г, к, қ, ч.
- Ызың дауыссыздар: в, ф, з, с, ж, ш, щ, ғ, х, һ.
- **3.Айтылу (немесе артикуляциялық) орнына қарай:**
- 1. Ерін (билабиаль) фонемалары: п, б, м, (у).
- 2.Тіс пен ерін (лабиальденталь) фонемалары: ф, в.
- 3. Тіс (денталь) фонемалары: т, с, з, д, ц.
- 4. Тіл ұшы (альвеоляр) фонемалары: н, л, ч.
- 5.Тіл алды (палаталь) фонемалары: р, ш, ж, й.
- 6. Тіл ортасы (преналаталь) фонемалары: к, г.
- 7. Тіл арты (веляр) фонемалары: қ, ғ, ц, х.
- 8.Көмей (фарингаль) фонемалары:һ.
- **Дифтангоид дауыстылар** – қазақ және өзге түркі тілдерінде кездесетін қосынды,
- яғни дивтонг дауыстылар. Олар – у және и.
- *Африкат дыбыстар ц және ч.*

# НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!!!

